

**ЖОБА**

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

«Түркістан облысы цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу»

**ТҮРКІСТАН 2022 ЖЫЛ**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:  
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## **I. Кіріспе**

**1.1.** Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түркістан облысы цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

- 1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;
- 2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

### **1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

Жалпы мемлекеттік аудит объектілері саны 19 атап айтқанда:

1. «Түркістан облысы цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» ММ
2. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Түркістан облысының мемлекеттік архиві" КММ
3. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві" КММ
4. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Арыс қалалық мемлекеттік архиві" КММ
5. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Бәйдібек аудандық мемлекеттік архиві" КММ
6. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Жетісай өңірлік мемлекеттік архиві" КММ
7. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Келес аудандық мемлекеттік архиві" КММ
8. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Кентау өңірлік мемлекеттік архиві" КММ
9. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Қазығұрт аудандық мемлекеттік архиві" КММ
10. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Мақтаарал аудандық мемлекеттік архиві" КММ
11. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Ордабасы аудандық мемлекеттік архиві" КММ
12. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Отырар аудандық мемлекеттік архиві" КММ

13. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Сайрам аудандық мемлекеттік архиві" КММ

14. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Сарыағаш аудандық мемлекеттік архиві" КММ

15. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Созақ аудандық мемлекеттік архиві" КММ

16. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Төлеби аудандық мемлекеттік архиві»

17. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Түлкібас аудандық мемлекеттік архиві" КММ

18. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Шардара аудандық мемлекеттік архиві" КММ

19. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының "Түркістан қалалық мемлекеттік архиві" КММ

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2020 жылдың 01 қаңтарынан 2022 жылдың 30 маусым аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, Түркістан облысы цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті 2022 жылдың 03 тамызынан 19 қыркүйек аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 19 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 1 мемлекеттік мекеме, 18 коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, Облыстың цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы мен бағынысты мекемелеріне бөлінген бюджет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылуы тиімділігіне аудит жүргізілді.

Бұл ретте аудиторлық іс-шараның мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне тексеру жүргізілу жоспарланды.

Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының міндеттері Қазақстан Республикасының

Ұлттық архив қорының құжаттарын қабылдау, сақтау және пайдаланушылардың мүдделеріне сай пайдалануды жүзеге асыру, мемлекеттік органдарды, азаматтар мен ғылыми жұртшылықты ақпараттық қамтамасыз ету, құжаттарды пайдалану және жарыққа шығару, архивтің ақпараттық-іздеу жүйесін құру, ішкі пайдалану және жинақ көздері болып табылатын мекемелер үшін әдістемелік құралдар әзірлеу, Ұлттық архив қорын құжаттарын электрондық нысанға аудару болып табылады.

Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорын құжаттармен толықтыру, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік есепке алуды жүргізу болып табылады.

Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің сақтауына қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтау, толықтыру және пайдалануды;
- 2) мемлекеттік мекемеде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуді;
- 3) мемлекеттік мекемеде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алуды жүргізуді;
- 4) мемлекеттік мекемеде сақтауда тұрған тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғауды қамтамасыз ету, оларды сақтау мен пайдалануды;
- 5) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді қамтамасыз етуді;
- 6) мемлекеттік мекемеде сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша деректер қорын қалыптастыруды;
- 7) Түркістан облысы аумағында орналасқан, Ұлттық архив қорын жинақ көздері болып табылатын ұйымдарда іс жүргізудің жай-күй және құжаттардың сақталуы мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетуді;
- 8) жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын орындауды;
- 9) Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдалануды;
- 10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуді;
- 11) мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті архивтік құжаттарды электрондық нысанға аударуды;
- 12) архивтің жинақ көздерінің тізімдерін жасауды;
- 13) архивтік құжаттардың көрмелерін мен жарияланымдарын ұйымдастыру және өткізуді;
- 14) Түркістан облысы әкімдігі жанындағы сараптау-тексеру комиссиясының қарауына шығару үшін Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасына құжаттар ұсынуды;
- 15) архивтің жинақ көзі болып табылатын Түркістан облысының аумағында орналасқан барлық меншік түріндегі республикалық және

жергілікті ұйымдардың қызметінде пайда болған Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын қабылдауды, тұрақты және уақытша сақтауды жүзеге асырады.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Жалпы аудитпен 9 590 133,8 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 258 840,2 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2020 жыл кезеңі бойынша 2 388 340,3 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 67 951,0 мың теңге*), 2021 жыл кезеңі бойынша 3 710 575,4 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 103 065,2 мың теңге*), 2022 жылдың I-жартыжылдық кезеңі бойынша 3 491 218,1 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 87 824,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 19 объекіден қаржылық және рәсімдік бұзушылықтар анықталмаған.

## **2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)**

Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының міндеттері Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құжаттарын қабылдау, сақтау және пайдаланушылардың мүдделеріне сай пайдалануды жүзеге асыру, мемлекеттік органдарды, азаматтар мен ғылыми жұртшылықты ақпараттық қамтамасыз ету, құжаттарды пайдалану және жарыққа шығару, архивтің ақпараттық-іздеу жүйесін құру, ішкі пайдалану және жинақ көздері болып табылатын мекемелер үшін әдістемелік құралдар әзірлеу, Ұлттық архив қорын құжаттарын электрондық нысанға аудару болып табылады.

Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорын құжаттармен толықтыру, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік есепке алуды жүргізу болып табылады.

Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің сақтауына қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтау, толықтыру және пайдалануды;
- 2) мемлекеттік мекемеде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуді;
- 3) мемлекеттік мекемеде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алуды жүргізуді;
- 4) мемлекеттік мекемеде сақтауда тұрған тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғауды қамтамасыз ету, оларды сақтау мен пайдалануды;
- 5) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді қамтамасыз етуді;

6) мемлекеттік мекемеде сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша деректер қорын қалыптастыруды;

7) Түркістан облысы аумағында орналасқан, Ұлттық архив қорын жинақ көздері болып табылатын ұйымдарда іс жүргізудің жай-күй және құжаттардың сақталуы мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетуді;

8) жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын орындауды;

9) Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдалануды;

10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуді;

11) мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті архивтік құжаттарды электрондық нысанға аударуды;

12) архивтің жинақ көздерінің тізімдерін жасауды;

13) архивтік құжаттардың көрмелерін мен жарияланымдарын ұйымдастыру және өткізуді;

14) Түркістан облысы әкімдігі жанындағы сараптау-тексеру комиссиясының қарауына шығару үшін Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасына құжаттар ұсынуды;

15) архивтің жинақ көзі болып табылатын Түркістан облысының аумағында орналасқан барлық меншік түріндегі республикалық және жергілікті ұйымдардың қызметінде пайда болған Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын қабылдауды, тұрақты және уақытша сақтауды жүзеге асырады.

Түркістан облысының мемлекеттік архиві Шымкент қаласында орналасқан. Аталған ұйымда 54,25 адам жұмыс істейді, оның ішінде архив қызметкерлері 38 адам немесе қызметшілердің жалпы санының 70%-ын құрайды.

Түркістан облысының мемлекеттік архиві бейімделген ғимаратта орналасқан. 2020 жылы архив қорының сақтау бірліктері 496 903 болса, 2022 жылдың 1 маусымына 510 009 сақтау бірлігін құрап, 3%-ға ұлғайған.

2022 жылдың 01 маусым облыстық мемлекеттік архивте 510009 сақтау бірлігінен *(жеке құрам және тұрақты сақталатын құжаттары)* құралатын 1 357 архив қоры сақтаулы тұр.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №138 бұйрығымен бекітілген стандарттарға, Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі №205 қаулысымен бекітілген регламентке сәйкес, мемлекеттік архивтердің «Архивтік анықтамалар беру» 1 мемлекеттік қызметті көрсету міндеті көзделген.

2020-2022 жылдар аралығында жалпы 28 404 бірлік мемлекеттік қызметтер көрсетілген *(оның ішінде 13 921 бірлік электронды түрде, 14 483 бірлік халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы)*. Атап айтқанда:

- 2020 жылы 7 936 бірлік, оның ішінде 4 212 бірлік электронды түрде, 3 724 бірлік ХҚҚО арқылы;

- 2021 жылы 13 801 бірлік, оның ішінде 7 393 бірлік электронды түрде, 6 408 бірлік ХҚҚО арқылы;

- 2022 жылдың 1 жартыжылдығында 6 667 бірлік, оның ішінде 2 316 бірлік электронды түрде, 4 351 бірлік ХҚҚО арқылы мемлекеттік қызмет көрсетілген.

2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны қоғамның архивтік ақпаратқа деген мүдделерінің өсуіне байланысты 42,5%-ға ұлғайған.

Жалпы, архив мекемесінің қызметі жарғымен бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келеді.

Алайда бүгінгі таңға мемлекеттік аудит объектілерінде бекітілген жарғының 14 тармағының 10) тармақшасы «қолданыстағы заңнамаға сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуді» және 11) тармақшасы «мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті архивтік құжаттарды электрондық нысанға аударуды жүзеге асыру» қызмет түрлері не себепті іске асырылмайтыны талдау барысында анықталды.

Мекеменің қызметі «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының N326-І Заңына, «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 бұйрығына, «Ұлттық архив қорының құжаттарын, басқа да архив құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтермен толықтыру, сақтау, есепке алу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №145 және «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архив құжаттарын ведомстволық және жеке меншік архивтердің қабылдауы, сақтауы, есепке алуы және пайдалануы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №146 бұйрықтарына, «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №575, «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі №576 және «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулыларына сәйкес ұйымдастырылған.

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 шілдедегі №144 қаулысымен бекітілген мекеме Жарғысының 15 тармағында ақылы негізде 11 қызмет түрлері көрсетілген.

«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес, мемлекеттік архивтер тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуге құқылы.

Мемлекеттік архивтердің кіріс келтіретін қызметтерін жүзеге асыруы мәселесін қарастыру барысында «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары мен Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің арасында сәйкессіздіктердің бар екені анықталды.

Яғни, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік архивтер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылмайды және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес архивтің иелігінде қалады.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 161-бабы 2-тармағымен мемлекеттік архивтер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны тиісті бюджеттің есебіне жатқызылуы көзделген.

Осылайша, Заң нормалары мен Кодекс деректері арасындағы аталған сәйкессіздік оның қате ұғынылуына және мемлекеттік архивтер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін кірістерді пайдалану бөлігінде қате қолданылуына алып келуі мүмкін.

Одан басқа, «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабын қайта қарастыруды қажет етеді, өйткені ол Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келмейді.

Осылайша, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 160-бабы 1,2-тармақтарына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметін тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты бюджетінен қаржыландырады, не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырылады.

«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес Мемлекеттік архивтер тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде өткізуге құқығы көзделген. Бұл ретте, өткізуден түскен кірістер Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы 1,2-тармақтарына сәйкес олардың иеліктерінде қалады және сәйкесінше мекемені қаржыландырудың қосымша көзі болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін өз билігінде қалатын ақшаның есебінен операцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме жыл сайын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) олардың түрлері

бойынша өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышы негізінде жасайтыны көзделген.

Ал Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы N215 бұйрығымен бекітілген Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышында «Мемлекеттік архивтер ұсынатын қызметтер» бөлігінде 755 003 «Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы мүлдем көрсетілмеген.

Бұл ретте, мемлекеттік мекемеде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) олардың түрлері бойынша өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын қалыптастыруда біршама қиыншылықтардың орын алуы мүмкін.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:**

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында шаралар қабылданбады.

#### **3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:**

**Осы аудиторлық іс-шарамен жалпы тексеру кезеңіне 9 590 133,8 мың теңге** (*республикалық бюджет қаражаты 258 840,2 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2020 жыл кезеңі бойынша 2 388 340,3 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 67 951,0 мың теңге*), 2021 жыл кезеңі бойынша 3 710 575,4 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 103 065,2 мың теңге*), 2022 жылдың I-жартыжылдық кезеңі бойынша 3 491 218,1 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 87 824,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 19 объекіден қаржылық және рәсімдік бұзушылықтар анықталмаған.

#### **3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар және нұсқамалар:**

1. «Түркістан облысы цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытындыны бекітуге ұсынамын.

2. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасына ақпарат жолдансын.

3. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облысы мәслихатына ақпарат жолдансын.

**Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған кемшіліктер мен олқылықтарды жоюға бағытталған ұсыным жолдансын.**

**1. «Түркістан облысы цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) Мемлекеттік архивтердің кіріс келтіретін қызметтерін жүзеге асыруы мәселесін қарастыру барысында «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары мен Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің арасында сәйкессіздіктерді жою жөнінде тиісті жұмыстарды жүргізу ұсынылады.

2) Жүргізілген жұмыстар бойынша **2023 жылғы 25 сәуірге дейін** Түркістан облысы бойынша Тексеру комиссиясына ақпарат ұсынылсын.

### **3.4 Қосымша:**

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.